



№37 (5068) сенбі,
20 қыркүйек 2008 жыл

НУРА

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси кеңестің

Облыс әкімінің ауданға сапарынан

Ресми іс сапар

Осының бәрі қарапайым халық игілігі үшін

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлан Зайрұллаұлы Нығматуллин қызметтік іс сапармен ауданымызда болып қайтты. Тарихи тереңге жайылған, Сары-Арқаның



сағым даласындағы құт-береке орнаған мекен Нұрлаеңіріне бүгінде 80 жыл толып, осынау бір торқалы тойды өткізуге Нұраның аптал

азаматтары жұмылып жұдырық болып бел шеше кіріскелі қашан! Бүгінде кентіміздің кескін-келбеті өзгеріп, ерекше кейіпке еніп, айырықша сұлулана түсті. Бұның бәрі ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсарғандығының айғағы.

Облыс әкімінің ең алдымен ат басын Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнап салынған монумент пен мәңгілік алау мен Мәдениет үйіне бұрды. 1975 жылы пайдаланылуға берілген Мәдениет үйі биылғы жылдың көктеміне дейін ешқандай жөндеу көрмеген екен. Биылғы жылы Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, тендерді ұтып алған бас мердігерлер жұмы-

Монша кентіміздің ақсақалдары мен жұртшылығының кекейкесті мәселесіне айналып жүрген еді. Тіпті аудан ақсақалдары кеңесі аудан әкіміне осы мәселе жайында хат та жазған еді. Енді міне осының нәтижесі шығып, ақсақалдар қауымы мен кент жұртшылығы дән риза. Ауыл ақсақалы Қамзин Айділде атамыз да облыс басшысына атқарылып жатқан іс-шаралар үшін өз алғысын жеткізді. Моншаға жүргізілген жөндеу жұмыстарына кеңілі толған облыс басшысы «Қаратал» КМК директоры Ысқақов Нүркей Уәлиұлына соғыс және еңбек ардагерлеріне, 5 жасқа дейінгі балаларға тегін, ал зейнеткерлерге 50 пайыз жеңілдік болсын деп тапсырма берді.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы жастардың қолында!»,- дегені және «Жас Отан» Жастар Қанатының 1-ші Республикалық съезінде сөйлеген сөзінде жастардың мақсат-мүдделерін айқындайтын 4 бағытқа ерекше тоқталған болатын. Солардың бірі «Салауатты өмір салты». Осыған орай «Нұра» орталық стадионы да жөндеуден өткізіліп, жасанды газон мен жүгіретін жолақшалар төселіп, жаңадан орындықтар орнатылды. Спорт сарайының ішіне кірген кезде облыс басшысының бұл кешеннің кент халқы үшін тарлық ететінін тілге тиек ете отырып аудан әкіміне: «Секе, сенің осындай нысандарды салуда тәжірибең мол ғой. Жаңарқадағыдай спорт кешенін осында да салмаймыз ба?» деген ұсынысын аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы бірден қағып ала жөнелді. Сонымен алдағы жылда аудан орталығында барлық стандарттарға сай спорт кешенін салуды жоспарлау тапсырды, бұл үшін облыстық бюджет тарапынан көмек көрсетілетінін және ескертті.

Бұдан соң былтырғы жылы құрылған «Қаратал» КМК ғимараты мен жаңадан сатылып алынған келіктерді көріп кеңілі толып, мекеме директоры Ысқақов Нүркей Уәлиұлына бұл алынған келіктер тек қана аудан жұртшылығының игілігіне ғана қызмет жасауы тиіс деп ескертті. Осы келіктерді сатып алуға кеткен қаражат халықтың игілігіне қазмет жасауы тиіс. Облыс басшысының тағы да бір кеңіл аударған мәселесі – алдағы жылыту маусымына әзірлік және әлеуметтік ұйымдардың көмірмен қамтылуы болды. арқала өзін-өзі ақтауы тиіс деп баса айтты. Өзінің қызметтік сапарын қорытындылай келе облыс басшысы Нұра ауданында болып жатқан түбегейлі, жағымды өзгерістерге ризалық білдіре отырып, қайта тұрғызылған монша, күрделі жөндеуден өткізілген мәдениет үйі ендігі жерде тұрғындарға толыққанды қызмет көрсетулері тиістігін еске сала отырып, алдағы мерейтойда амандықпен кездесуге ықыласын білдірді.

старын мерзімімен аяқтауда. Мәдениет үйіне жүргізілген жұмыстарға кеңілі толандығын білдірген облыс әкімі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Құтжанова Рәбиға Қосанқызына біраз тапсырмалар жүктеді. Атап айтар болсақ: күрделі жөндеуден өткен мәдениет үйі өзіне салынға қаражаттың нәтижесін көрсету үшін бос тұрмауы керек, онда үнемі үйірмелік сабақтар мен түрлі іс-шаралар өткізіліп тұруы тиіс, қысқасы мәдениет ошағы халыққа қызмет көрсетуі тиіс.

Мәдениет үйінен соң облыс әкімі Н.З. Нығматулин «Тәуелсіздік саябағына» бұрылып ондағы су бұрқақтар мен кіші футбол алаңын, үлкен теннис корты мен балалар алаңын тамашалап, мерекелік кештер өткізілетін сахна мен Тәуелсіздік монументтеріне өзінің кеңілі толандығын жеткізіп, аудан басшысына ризалығын білдірді. Сонымен қатар саябақта кент тұрғындарымен жүздесіп, аудан өмірі, тыныс тіршілігі жайында пікір алмасты. оған аудан әкімінің



Бұдан кейін облыс басшысы жаңадан салынған моншаға бет алды.

Оң өзгерістерге риза болды

Өткен жұмада ауданымызға қызметтік сапармен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бас инспекторы Егізбаев Серік Рахметоллаұлы келді. Осындай жоғары лауазымның ауданға келу мақсаты ауданымыздағы әлеуметтік экономикалық даму барысымен, республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың игерілу сапасымен, ауылдардағы жолдар мен ауыз су мәселесінің шешілуімен толығырақ танысу болды.

Ең алдымен, мемлекеттік инспектор Серік Егізбаев, бүгінгі күннің ең бір өзекті мәселесі, тұғындарды көптен толғандырып жүрген – «Ауыз су» бағдарламасының орындалу барысымен танысу үшін аудан әкімі Серік Шайдаровпен Киевка кентіндегі су құбырларының жүргізілу барысымен танысып, республикалық бюджеттен бөлінген жалпы 67 млн теңге мезгілімен игерілген. Жоспарланған жұмыстар орындалған, колонкаларға судың келіп тұрғанына кез жеткізіп, одан су ішіп те көрді.

Елбасымыздың алға қойып отырған келелі міндеттерінің бірі – ауыл жолдарының жағдайын жақсарту болса, биылғы жылы ауданда жолдары күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Республикалық бюджеттен Киевка – Изенді жолдарын қайта құруға 618 млн теңге, Шахтерское – Пржевальское жолдарына 364 млн теңге қаражат бөлінген, осы жұмыстардың орындалу деңгейі және сапасымен танысу үшін мемлекеттік инспектор күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан Киевка-Жараспай тас жолында болып, жөндеу жұмыстарының нақты көлемі мен сапасына кеңіл аударды.

Биылғы жылы аудан тарихында алғаш рет, республикалық бюджет қаражатына

бюджеттік сала қызметкерлеріне арналған жалға берілетін тұрғын үй құрылысы басталған болатын, сонымен қатар жеке тұрғын үй құрылысының құнын төмендету мақсатына инженерлік коммуникацияға 8 млн теңге бөлінген. Серік Рахметоллаұлы осы құрылыс басында болып, құрылыс жұмысының жоғары дәрежеде жүргізіліп жатқанын көзімен көріп, оң бағалады.

Орталық саябақты тұрғындардың демалатын мәдени орнына айналдыру үшін жүргізіліп жатқан заманауи түбегейлі өзгерістер, жаңадан тұрғызылған монша, түрленген стадион, балабақша және құлпырған Мәдениет үйі бәрі де лауазым иесін бей-жай қалдырмады.

Өзінің ресми сапарын қорытындылай келе Бас мемлекеттік инспектор аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаровқа бір жыл ішінде атқарған ісіне оң баға берді, әсіресе ауылдық жерлердегі әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру, республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың мақсатты және толығымен, мезгілімен игерілуіне, ауылдықтардың өмір сүру сапасын жақсартудағы жұмысына ризалығын білдірді.

- Егер әр ауылда осындай дәрежеде жұмыстар жасалса, онда бірер жылда ауылдарымыздың қаладан айырмашылығы болмайтын түрі бар.

Ал бүгінгі таңда Елбасы, үкімет тарапынан ауылды түлетуге, ауылды таза сумен қамту, сапалы жолдармен қамтамасыз ету, ауылдықтарды қолдауға барынша күш салынууда. Осы Нұра ауданының мысалында елдің қаншалықты дамығанын көруге болады, - деп түйді ойын Қазақстан Президенті Әкімшілігінің бас мемлекеттік инспекторы С.Егізбаев.

Құрметті нұралықтар!

Сіздерді аудан мерейтойының ету бағдарламасымен таныстыра отырып, туған жер үшін шаттанып, мерейтойға қатысуға шақырамыз!

Нұра ауданының 80-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу бағдарламасы.

Уақыты: 2008 жыл 25 қыркүйек

Өткізілу орны: Киевка кенті

9.00. – Ресми қонақтарды қарсы алу

10.00- 11.00 – Орталық саябақта мерекенің салтанатты ашылуы

11.00-12.00 – Қазақстан Республикасының халық әртісі Ескендір Хасанғалиевтың қатысуымен мерекелік концерт

12.00-13.00 – Үлкен теннис ойыны, мини-футбол (саябақта).

12.00-15.00 – «Қазақша күрес» спорт жарыстары (киіз үй қалашығында).

15.00 – 17.00 – Ат жарысы

18.00-19.25 – «Нұра-ашық жүректер мекені» театрландырылған қойылым

19.30-20.35 – Қазақ эстрада жұлдыздары Роза Рымбаева, Серік Мусалимов, «Нұр Мұқасан» ансамблінің қатысуымен гала-концерт

20.35-22.30 – Эстрадалық әндер фестивалі

Уважаемые нуриңцы!

Приглашаем всех принять участие в праздновании юбилея района, порадоваться за наш родной и цветущий край!

Программа проведения юбилейных мероприятий, посвященных 80-летию Нуриңского района.

Дата 25 сентября 2008 года.

Место проведения: поселок Киевка

9.00 – встреча официальных гостей.

10.00-11.00 – Торжественная часть в центральном парке

11.00-12.00 – Праздничный концерт с участием народного артиста Республики Казахстан Ескендір Хасанғалиева.

12.00-13.00 – Игра в большой теннис, мини-футбол (в парке).

12.00 – 15.00 – Спортивные соревнования по «казакша күрес» (в юрточном городке)

15.00-17.00 - конно-спортивные соревнования.

18.00-19.25 – Театрализованное массовое представление «Нұра – земля открытых сердец»

19.30-20.35 – Гала-концерт с участием звезд казахстанской эстрады: Розы Рымбаевой, Серика Мусалимова, ансамбля «Нұр Мұқасан»

20.35-22.30 – Фестиваль эстрадных песен

Құрметті оқырмандар!

Қыркүйек айының 15-нен бастап 2009 жылдың «Нұра» газетіне жазылу басталады.

Жазылу бағасы бір жылға:

- жеке тұлғалар үшін -700 т.

- заңды тұлғалар үшін -1200 т.

- Ұлы Отан соғысының ардагерлері және Ауғанстан соғысына атысқандар үшін 50% жеңілдік.

Уважаемые подписчики!

С 15 сентября начинается подписка на газету «Нұра» на 2009 год. Подписная цена на год составляет:

- для индивидуальных подписчиков – 700 т.

- для юридических лиц -1200 т.,

- для ветеранов Великой Отечественной войны и воинов-афганцев скидка 50%.

Нұра ауданының 80 жылдығына орай

Тағдыр тәлкегін тежеген азамат

Шыдамдылық даныш пандықтың белгісі. (Исаак Ньютон) Қайғы келсе қарсы тұр, қажы берме. (Абай)



Нұра ауданының құрметті азаматы Жарылғасын Бикенов аудан, облыс көлемінде ғана емес, республикамыздың көп жерлеріне танымал ардақты азамат.

Оған арнап көрнекті ақын-жазушылар өлең-жырлар, мақалалар жазып, аудандық, облыстық, республикалық газет, журналдарда жариялап жүр. Жарылғасынды бұрын көрмеген адамдарда онымен кездесіп әңгімелесе қалса, оның ойы терең, қандай сұрақ сұраса да іркілмей жауап беретініне тәнті болып кетеді.

Жарылғасынды туған-туыстары, құрбы-құрдастары, ауыл адамдары жақсы көріп еркелетіп Жәкеш деп атап кеткен. Ол бала күнінен-ақ сабырлы, салмақты мінезімен көзге түскен.

Ол 1943 жылы Нұра ауданының Көбетей ауылында өке-шешесін қуанып, жарық дүниеге келген. Ол ауылдағы мектепте оқып жүрген кезінің өзінде оқуды үздік оқитын үлгілі оқушы бол кезге түсті. Мұны көріп, біліп жүрген ұстаздары да, туған-туыстары да, көрші-қоландары да: «Бикеннің осы баласы түбінде орнықты, білімді жігіт болып өседі» дейтін. Ақыры олардың айтқаны келіп, ата-анасының үміті ақталды.

Жарылғасын орта мектепті бітірген соң «Шахтер» совхозындағы тұтынушылар кооперативінде 1959-1960 жылдары есепші болып қызмет атқарды. Мұнда ол жас болса да жұмысқа ынтылаы қабылтелігін көрсете білді.

Жарылғасын 1961 жылы Целиноградтағы сауда техникумына оқуға түсіп, оны 1963 жылы қызыл дипломмен бітіріп шықты. Мұны бітіріп шыққаннан кейін Ақмола облысының Балқашын ауданында 1963-1964 жылдары аудан тұтынушылар одағында бас есепші болды. 1964 жылы әскерге алынып, одан 1967 жылы елге оралды. Ол осы әскерде жүрген кезінде Новосибирск Кеңес және кооперативтік сауда институтына сырттай оқуға түсіп, мұны да ойдағыдай бітіріп шыққан. Жәкештің бұл ісі жас жігіттердің естемек түгілі ойына келе бермейтін керемет жұмыс. Сөйтіп ол әрі әскерлік борышын өтеп, әрі диплом алып, келешектегі өз өміріне сара жол салып шығады.

Жарылғасын 1967 жылы әскерден келісімен Нұра ауданындағы тұтынушылар кооперациясының бас есепшісі болып қызмет етті. Мұнда істеп жүрген кезінде оның өз ісіне берілген маман екендігін байқаған облыстағы бастықтар оны жоғарылатып, 1971 жылы 28 жасында Қарағанды облыстық тұтынушылар одағының бас есепшісі болып тағайындалды. Бұл жұмыста да ол үлкен іскерлік, шеберлік көрсетіп, республикадағы басшыларының көзіне шалынады. Республика тұтынушылар кооперациясының құрылғанына 70 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтің жарлығымен 1994 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» деген жоғары атағы берілген.

Ал 2005 жылы «Нұра ауданының құрметті азаматы» атағы берілді. «Қарағанды. Қарағанды облысы» (2006) энциклопедиясында және «Қазақ жерінің зиялы азаматтары – Почитаемые люди земли Казахстана» ғұмырнамалық жинақтар сериясының 13-ші кітабында Бикенов туралы жақсы мәліметтер берген. Бұлар 2006 жылы басылып шыққан.

Осылайша Жарылғасынның абыройы да, атағы да шарықпап есе берді. Ол осы бетімен тағдыр тәлкегіне ұшырамай қызмет ете бергенде Қазақстандағы көрнекті басшы қызметкерлердің бірі болатыны айдан анық еді.

1968 жылы Жарылғасын сол Көбетей ауылының тұрғыны Әбутүсіп нағашы атасының қолында болған, қазақ ғұрпымен тәрбиеленген әрі әдепті, әрі сымбатты қыз Әниашпен қосылып, тұрмыс құрды. Бұлар тату-тәтті өмір сүріп, бала-шағалы болды. Әниаштың нағашы атасы Әбутүсіптің шыққан тегі қожа. Дін жолын мықтап ұстаған, адамгершілігі зор, елге сыйлы ауылдың құрметті ақсақалы еді. Әниаштың жалтақтамай істің әділдігін айтатын жақсы мінездері сол нағашы атасын еске түсіреді. Өзінің шешесі Бақыт әйелдердің есек-аяғына араласпайтын ер мінезді адам еді. Әниаштың інісі Тұяқ Көпейұлы Қазақстанға белгілі ғалымдардың бірі. Бұлардың руы Тоқа, оның ішінде Тілен-Әтібі. Ал Жарылғасынның руы – Алтай, оның ішінде Қалымбек. Әкесі ой-өрісі кең сабырлы, салмақты адам еді. Маңайындағы құрбы-құрдастары оның ақыл-кеңесіне жүгініп: «мұны Бикен білсін» деп отыратын.

Жарылғасын аз уақыттың ішінде шарықпап өсіп, ауылдан ауданға, ауданнан облысқа дейінгі қызметке көтерілді. Енді мұнан да жоғарылап, республикалық деңгейде қызмет істеу мүмкіндігі туа бастаған кезде ойда жоқта қайғылы оқиға кездесе кетті.

Биікке өршеленіп өрлей берді, Жемісін еңбегінің көзі көрді. Қай жерде қандай жұмыс атқарса да, Риза бол бастықтардың бәрі сенді. Жан емес жүрексініп жалтақтаған, Жүйріктей жайнай түсті ер баптаған. Жарылғасын Бикеновтың даңқы шығып, Сүйсініп істеріне жұрт мақтаған. Салмақты сөз сөйлейді кетпей артық, Теңіздей ойы терең жатқан шалқып. Сөйлескен адамдарын кім болса да, Үйіліп өз ішіне алар тартып. Ақылы жетер еді ел басқарса, Көбінен озар еді қатар салса. Талас бол жұрт алдында сыңға түссе, Тек Жәкеш алар еді бәйгені алса. Шығатын еркін өрлеп биік шыңға, Білім де, қажыр, қайрат болды мұнда. Бөгет бол қарсы алдынан шыға келген, Қатыгез не айтарсың сұм тағдырға? Жарқырап қас шырағы тұрған жанып, Кенеттен күңгірт тартты мұнарланып. Шығатын қиындықтан жол іздеді,

Жасамы сабырлықпен ойға қалып. Осы елге жолдарында айтылғандай 1974 жылы отыздан асып, орда бұзып жүрген шағында Жарылғасынның екі көзіне кесел жабысып, жарқыраған кең дүниені біржолата көре алмай қалу қаупі төнді. Ендігі жол – білікті көз дәрігерлеріне көрініп, емделу. Сондай маман көз дәрігері бар деген соң жеделдетіп Куйбышев (қазіргі Самара) қаласына алып ұшады. Оның көз жанарына сол жерде төрт рет, одан кейін Мәскеуде бір рет операция жасалды. Бұдан кейін, соңғы операцияны қарағандылық хирургтер жасады. Осы қиын кезеңдерде өмірлік жан жары Әниаш қасынан бір елі де қалмай, Жарылғасынға күш-қуат, демеу болып отырды.

Өмірдің тауқыметін бірге көріп, Кеңескен ақылдасып, бірге жүріп. Жан жары Әниашқа жұрт риза, Қажымай тар кезеңде болған серік.

Шындығында жан жарына тар кезеңде серік болып, барлық ауыртпалықты бірге көтеріп, бірге жүрген, оны қажытпай қуат беріп, қайғы-қасіреттің тұңғық теңінен қолтықтасып бірге шыққан Әниаштай әйел сирек туар.

Жарылғасынның жанары бұрынғы қалпына келмесе де, ол бәлді бекем буып, Қарағанды облыстық тұтынушылар бас есепшісі қызметіне қайта оралды.

Жарылғасынның бұл жұмысына біреулер сүйсіне қараса, біреулер: «ол қалай жұмыс істей алады» деген күдікті оймен қарады. Ол өзінің Құдай мықтап жаратқан құлағымен бір естіген өмірінде ұмытпай жадында сақтай алатын қабілеті арқасында бұл жұмысты мүддірместен 34 жыл бойы атқарып келеді. Мұны көрген және естіп білген адамдардың таңғалысында шек болмады.

Жарылғасынды әдейі іздеп келіп, жұмысын көріп, әңгімелесушілердің де саны көбейді. Осындай әдейі келушілердің ішінде Қазақстанның көрнекті ақындарының бірі – Қайрат Жұмағалиев еді. Ол Жарылғасынмен сөйлесіп, танысып болғаннан кейін мұның ісіне ері таңғалып, әрі сүйсініп 1994 жылы оған арнап «Нұра Перзенті» атты деректі поэма жазды. Ол поэма «Қазақстан тұтынушылар кооперациясы» журналында басылып шықты. Бұл поэма аудандық «Нұра» газетінде де, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде де жарияланды. 2000 жылы поэма қайта өңделіп, «Шын ғажайып қараңыз» деген жаңа атаумен республикалық «Сарыарқа» журналына қайта бастырып шығарды, бұл поэма оны оқып отырған адам ақынмен бірге Жарылғасынның ісіне таңғалып та, сүйсініп те отырады.

Есеп бол, Есепшотын қақпайды, Жақаң Бәрін көкірегінде жаттайды. Зейіні – тас, Әріптесін мазалап, Кеңес сұрап, Әсте іздеп жатпайды! Бір адамның миы Бұған жетер ме?! Қайран қалған емес екем бекерге... Бас есепші Бикеновтың басы да Өз алдына Бір компьютер екен де!

Ақын жазып отырғандай қолына есепшот та алмай, жазылған қағазға да қарамай барлық есепті миына сақтап, жатқа айтып отыру ғажайып ғажайы емес пе!

Жарылғасын өзінің есепшілік жұмысынан тысқары басқа жұмыстарды да мүлтіксіз орындап жүр. Оның басшылығымен үш рет шежіре кітап шықты. Бірінші шежіре «Тоқа шежіресі» (2000) деп аталды. Орта жүз Арғынның бір тарауы Қуандықтан Есенқарт, Аманқарт, Қарлық, Алтай, Өмір, Темір тарады. Екінші рет 2002 жылы шығарған шежірені Қарлықтан тараған Көзеші-Тоқа, Мәмбет, Тінелі рулары қосып, «Қарлық шежіресі» деп атады. Биыл 2008 жылы шыққан шежірені тағы да өңдеп, толықтырып, «Қарлық және қожа шежіресі» етіп шығарды. Бұл шежірелердің авторылар: Жарылғасын Бикенов, Жанмұханбет Жәкенов, Тұяқ Исабектер зор еңбек сіңіріп, бұрынғы өткен атақты адамдар мен қазіргі жүрген көрнекті азаматтардың өмірін деректер мол келтіріліп, шежіре көпшілікке ұнайтын құнды кітап болып шыққан. Осы руларға жататын саналы азаматтардың үйлерінің төрінде қасиеттеп қойған осы шежірелерді көрсің.

Биыл 2008 жылы Нұра ауданының құрылғанына 80 жыл толып отыр. Осыған арнап аудан әкімшілігі энциклопедия шығаруға қаулы алған еді. Жарылғасын бұл жұмыста да кітап шығартудың тәжірибелі маманы есебінде үлкен көмек көрсетіп жүр.

Сейтіп, «Екі жақсы қосылса, бастарына жарқыраған күн туады» дегендей Жарылғасын мен Әниаш өз қатарларынан артық болмаса, кем емес өмір сүріп жатыр. Олар шыдамды сабырлық пен ақылдықтың арқасында басқа түскен ауыр кезеңнен сүрінбей өтті. Бүгінде бала-шағаларын өсіріп, үлкен ұлы Әбілқасым мен келіні Айгүлден Арлыжан, Томирис атты немерелер, қыз баласы Гүлшат пен күйеу баласы Серіктен Мұхамед есімді жиен көріп, оларды айма-лап сүйіп, қызыққа бөленіп отыр.

Бұл күнде Жарылғасынның халық арасындағы беделі тіпті ерекше. Оның құрбы-құрдастарының, туған туысқандарының қайсы болса да, Жарылғасынның той-думандарын өткізбейді. Халық көп жиналған жерде төрдегі орын да, алғашқы сөз де оныкі. Ол тіпті жүздеген адам жиналған тойларда да өзі басқарып, сыйлы қонақтарға рет ретімен сөз беріп, жиынды тамаша өткізіп отырады. Кейбір қолына қағаз алып, той-думанды басқарып жүргендер қақалып-шашалып, шатасып жатса, Жарылғасында оның бірі болмайды.

Бәрі де таспаға жазып қойғандай орынды шығып отырады. Жарылғасынның өзін көріп, сөйлеген сөздерін естіп отырып, Құдайдың құдыретіне таң қаласың. Оның жанарын алғанмен өзін сабырлы, шыдамды өсіріп берген. Ол туралы Қайрат Жұмағалиев ақын өте шебер және орынды суреттеп жазған. Енді бұл мақаланы соның сөзімен аяқтаймыз.

«Еңбегімен – Сол шын бақыт құшқанда, Мойындаған досы тұрмақ, Душпан да, Деді досым, Ондай адам таппайсыз Шексіз-шәтсіз байтақ Қазақстанда»

Махмет ТЕМІРҰЛЫ, Жазушылар одағының мүшесі.

Ақ халатты абзал жан

Білімді туған жақсылар Аз да болса көппен тең. Абай.

жақсы пед аiatr болып шықты.



1966 жылы Зекен ағаның өмірінің қайғылы кезеңі болды. Анасы «қатерлі ісік» ауруына шалдыққаны жайлы естіді.

Емдегеннен кейін ауылға нашар күйінде алып келді. Осы жылдың 15 қыркүйегінде Зекен аға анасынан айырылды. 31 жастағы Зекен ақырын кетіп бара жатқанын сезген жары Бұрабай жорртына жібереді. Онда бірте-бірте өз-өзіне келе бастайды. «Зекен анасын есіне алғанда, көзіне жас толатын», - дейді Бақыт апай.

Күндер жылжып, жұмыс жүріп жатты. Айтқы кеткендей, ол кісі ауданда жалғыз хирург болды. Бірақ жанында операция бөлімінде жақсы медбикелер Эмилия Ивановна, Татьяна Борисовна, Акижанова Сағдат жұмыс істеді. Алыста орналасқан ауылдар науқастарын түнде әкелетіні бөріне мәлім. Күндіз жұмыс, түнде жұмыс. Солай күн ұзаққа жұмыс істегендері, бір операцияны бітirmей, екіншісін бастайтын-дары да бар. Кейде жай үстелде күрделі операциялар жасағаны өздеріне ғана мәлім. Жұмыстарын сүйгеннен, өз істеріне адал жандар шаршағандықты білмейтін.

Зекен 9 жасында үлкендердің қарауымен егіздермен сабан тасып, мал бақты. Бірде егіз бағып жүргенде қатты жауын болып, егіздер қашып кеткен болатын. Колхоз председатели Қырмызы Жауғашева 12 жастағы Зекенді Сібірге айдағанын деп қорқытады.

Зекен Садықұлы қазақ мектеп-интернатында өте жақсы оқыды. Киевқа кентінде 9-шы сыныпқа дейін оқып, 10-шы сыныпты Кертінді ауылында бітірді. Мектепті бітіргеннен кейін Қарағанды қаласындағы медициналық институтқа түсті. Бірақ әкесі бұған қарсы болды. Зекеннің тракторист болып, ауылда қалғанын қалады. Зеке болса бір-ақ жыл оқимын да, дәрігер боламын деп әкесін алдады. Жыл өткеннен тағы да бір жыл қосып отырып, солай 5 жыл оқып шықты. Жазғы демалыста ауылда комбайнда жұмыс істеп, тапқанын ата-анасына беріп отырды. Ал кейбір ақшаларын жинақ кітапшасына салып отырды да, сол ақшаны оқуына жұмсады. Әрине, Зекен аға стипендия да алды, бірақ ол да тамақ пен киімге жетпеді. Сонда дәрігерлік еңбек жолы басталды.

Оқуды да оқып, 3-курста «Жедел жәрдемде» қызметін бастады. Басшы дәрігер Добровольская Любовь Семеновна болды. Ол кісі Зекенге Кердман Борис атты дәрігермен жұп болып, қызмет атқаруға рұқсат берді. Бұл кісі Зекені көп нәрсеге үйретті: нақты және тез арада ауруды анықтай білу.

1960 жылы Ленин ауданында Зеке өзінің сүйіктісі Бақытпен отбасы құрды. Үйлену тойын жатақханада, Зекеннің және Бақыттың бөлмесіндегі адамдардың қатысуымен болды. Үлкен той жасауға қаражат болмады. Үйленгеннен кейін достары жас жұбайларға бос пәтер ұсынды. Бақыт айайдың айтуынша, жолдастары да, қоршаған адамдары да жақсы кісілер болды. 1961 жылдың 1 тамызында екі жастың алғашқы сәбилері дүниеге келді. Тұңғыштарына ат қою да бір қызық еді. Ол кезде көгілдір телеэкранда Аргентина мемлекетінің телехикаясы жүріп жатты. Басты кейіпкер Соледат атты қыз болды. Кішкентай нәрестеге жолдастарының бірі осы атты қойды. Зекеннің бажасы Жанна деген есім беруді қалады. Солай өздері үшін Жанна, қағазда Соледат деп жазылған қыздары бесік болмағандықтан бес айға дейін екі орындыққа қойылған ашық чөмоданда жатып өсті.

Зекен бірінші оқуды бітіріп, Кертінді ауылында учаскелік дәрігер болып істейді. Бірақ көпке созылған специализацияға Қарағандыға қайтып келеді. Осы уақытта жұбайы Бақыт та емдеу факультетінің оқуын бітіріп қалған еді. Енді екеуі Киевқа көшіп, жұмыс істей бастайды. Басшы дәрігер Алексей Дмитриевич Кулагин жас жұбайларды жақсы қарсы алды. Зекен аға Нұра ауданына жалғыз хирург болды. Бақытқа болса бала дәрігері (педиатр) болуды ұсынды. Мария Львовна Любарскаяның қадағалауымен Бақыт көп оқыды да

Емдегеннен кейін ауылға нашар күйінде алып келді. Осы жылдың 15 қыркүйегінде Зекен аға анасынан айырылды. 31 жастағы Зекен ақырын кетіп бара жатқанын сезген жары Бұрабай жорртына жібереді. Онда бірте-бірте өз-өзіне келе бастайды. «Зекен анасын есіне алғанда, көзіне жас толатын», - дейді Бақыт апай.

Күндер жылжып, жұмыс жүріп жатты. Айтқы кеткендей, ол кісі ауданда жалғыз хирург болды. Бірақ жанында операция бөлімінде жақсы медбикелер Эмилия Ивановна, Татьяна Борисовна, Акижанова Сағдат жұмыс істеді. Алыста орналасқан ауылдар науқастарын түнде әкелетіні бөріне мәлім. Күндіз жұмыс, түнде жұмыс. Солай күн ұзаққа жұмыс істегендері, бір операцияны бітirmей, екіншісін бастайтын-дары да бар. Кейде жай үстелде күрделі операциялар жасағаны өздеріне ғана мәлім. Жұмыстарын сүйгеннен, өз істеріне адал жандар шаршағандықты білмейтін.

Зекен ағаны 70-ші жылдары бас дәрігер етіп тағайындады. Өзінің хирургиялық мамандығын тастағанымен, ең күрделі операцияларды өзі жасап, жас мамандарды нақты ісімен баурады. Басшылықта барлық шаруашылық, әкімшілік істерге қатысты. Амбулаторияда клиникалық лаборатория, жаңа әдістемелерді енгізді: микрореакция, биохимиялық тексерістер, қан құрамын дағы ақуыздың анықталуы және т.б. Ауру ханада флюорографиялық кабинетті ашты. Өзінің медицина қызметкерлерінің отбасы, үй жағдайларына көңіл бөлді. Оларға жылына екі-үш пәтер үкімет тарапынан бөлініп отырды. Аудан бойынша ауру көрсеткіші төмендеді. Өзін жұмыста белсенді көрсеткені үшін «Отличник здравоохранения» белгісімен марапатталды.

1995 жылы Зекен ағаның соңғы операциясы болды: бауыр зақымы, ішкі қанқұйылу. Жас адам байқамай трактор астына түсіп қалыпты. Клиникалық өлімге бет бұрды. Бірақ істелген операциядан кейін жас жігіт тірі қалды. Зекен аға бұл жігітті қайтадан өмірге келтірді. Қандай ерлік!

1995 жылдың мамыр айында Зекен аға мамандығымен қоштасып, зейнеткерлікке шықты. Әріптестері мен жерлестері бұл кісіде нені бағалайды? Пек таза жанын, өз ісіне нақтылық, әріптестеріне сыйластық, адамгершілік. Осы қасиеттерді Бақыт апай екеуі балаларының бойына да сіңірген.

Ұрпақ-өмір жалғасы, гемеқші қызы Соледат ата-ана жолын ұып, кандидаттық қорғаған. Қазір Астана қаласында президент аппаратында қызметкер. Ұлдары Бауыржан үш жыл Түркияда оқып, бір жыл Белорусияда әскерлік борышын атқарды. Д.Қонаев атындағы университетінің филиалында оқытушы. Кенжелері Аман тарих және заң факультетін бітіріп, Қарағанды қаласында сот қызметінде.

Өзінің 70 жылдық өмірінде Зекен аға білімділігіне қарамастан, қоғамның қосқан үлесі зор екенін растайды. Өзінің сөздерінде былай дейді: «Мен өмірімде жандарды таза адамдармен болғаным бақыттымын. Біз бәріміз қиындықтарға қарамастан елімізге қызмет еттік. Кішкентай Отаным Қазақстанда өмір сүргеніме бақыттымын!»

Зекен ағаның ұрпағы ұзақ өмір сүріп, Отанына қызмет ете берсін.

Осындай ақ халатты абзал жандарға ба-сымды иемін.

Адам өмірінің арашашысы – дәрігерлер аман болсын.

КАЗДЕНОВА Жұлдыз, Р.С.Асубаев атындағы орта мектебінің 11-ші қазақ сынып оқушысы, «Жас талап» ОҒҚ мүшесі.

Алтын Нұра

Атыңды дұрыс қойған Нұра ауданы Байлығын бақытың құр болмауы Сылдырап ағады суын мөлдір болып Шісетін суларыңды аузың толды

Қазақ теуелсіз мемлекетіміздің жақсы баласы 80 жылдық Нұраның тойлауына.

Жағана біткен майса шөптер, Шортандарың жүзді шабақтұң, Осы Нұрада талай жолдасым өмір сүрген, Қазір шамалы балалары бар, Ездері жоқ

Балаларың осы тойдың қызығын көре берсін, Нұрада бақыт қонып төне берсін. Аспаның ашық болсын Нұра өзені, Нұра өзені жастарымызға, арнасына қолы дәулет әкелсін.

Бір төсекте ойнап, күліп, жатып өдік, Қиыншылықпен теуелсіз мемлекетке жетіп өдік.

Өмен ТҮРМАҒАНБЕТОВ, Отан соғысының ардагері, II- топтағы мүгедек. Кертінді ауылы.

Нұра аудандық Мәслихатының ШЕШІМІ

Киевка көні
26 тамыз 2008 ж.

IX сессия №126
Қарағанды облысы әділет департаменті
Нұра ауданы әділет басқармасында
2008 жылы 11 қыркүйекте тіркелді
тіркеу №8-14-82

«Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-65 болып тіркелген, «Нұра газетінің» 2007 жылғы 29 желтоқсандағы №53 (5031) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2008 жылғы 28 наурыздағы 6 сессиясының «Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №94 шешімімен (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-70 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2008 жылғы 7 мамырдағы №19 (5050) санында жарияланған), Нұра аудандық мәслихатының 2008 жылғы 25 маусымдағы 7 сессиясының Нұра аудандық мәслихатының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы 5 сессиясының «2008 жылға арналған аудандық бюджет туралы» №70 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, №111 шешімімен (нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіміне №8-14-79 болып тіркелген, «Нұра» газетінің 2008 жылғы 23 шілдеден №30 (5061) санында жарияланған), өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1) 1 тармақтағы:
 - 1 тармақтағы: «1407446» сандары «1416779» сандарына ауыстырылсын;
 - 2 тармақтағы: «1780785» сандары «1790118» сандарына ауыстырылсын;
- 2) 2 тармақтағы:
 - «191125» сандары «191106» сандарына ауыстырылсын;
- 7 абзацта: «8000» сандары «7944» сандарына ауыстырылсын;
- 8 абзацта: «22000» сандары «21987» сандарына ауыстырылсын;
- 3) 3 тармақтағы:
 - 1 абзацта: «32075» сандары 41427 сандарына ауыстырылсын;
 - 4) 8 тармақтағы: «25033» сандары «2533» сандарына ауыстырылсын;
2. Жоғарыда көрсетілген шешімнің 1,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,23,24,25,26 қосымшалары осы шешімнің қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
